

2023. – 671 p.

13. Angelini M. L., Muñiz R. *Simulation for participatory education*. – Springer, 2023. – 476 p.

14. Prial S. *The Perceptions of Using Simulation Technologies on Knowledge Retention in Professional Environments 2-5 Years After the Simulation Experience: A Qualitative Study*. - Capella University, ProQuest Dissertations & Theses, 2022. - 118 p.

15. Kienitz A., Krebs M. C., Eitel A. *Level one: Teaching practice – Does playing a digital teaching simulation game foster novice student teachers' perception and use of theoretical knowledge?* // *Computers & Education*. – 2025. – Т. 231. – С. 105277. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2025.105277>

16. Tapalova O. i dr. *Psihologicheskie osobennosti vliyaniya cifrovogo obucheniya na social'no-kommunikativnyy kul'turu i kompetentnost' prepodavatelej i studentov* // *Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Psihologiya*. – 2024. – Т. 78. – №. 1. DOI: [10.51889/2959-5967.2024.78.1.024](https://doi.org/10.51889/2959-5967.2024.78.1.024) [in Rus.]

17. Erbulatova I.K. және т.б. *Tehnikalyq joғary oqu orny studentterin oqytu uderisinde roldik oiyndardy goldanu tajribesi // Abylai han atyndaғы QazHqjaneĀTU Habarşysy. Pedagogika ғылымдары seriasy*. – 2024. – Т. 72. – №. 1. DOI: <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.72.1.005>

ГТАХР 14.25.09

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.88.4.015>

Б.О.Жанкушков, ^{1*}  А.С.Амирова ¹ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЭЛЕКТРОНДЫ РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада электронды ресурстарды пайдалану арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру педагогтің кәсіби даярлығының ажырамас бөлігі болып табылады. Зерттеу барысында электронды ресурстарды (онлайн платформалар, мультимедиялық құралдар, цифрлық білім беру контенті, интерактивті тапсырмалар) тиімді қолданудың мүмкіндіктері талданды. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдері, әдіс-тәсілдері мен практикалық жолдары ұсынылады.

Әдістемелік тұрғыда болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру, білім беру үдерісін цифрландыру, оқыту сапасын арттыру бағыттары негізделген. Ұсынылған әдістеме педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу процесінде қолдануға қолайлы және білім алушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері электронды ресурстарды оқу-тәрбие процесіне кіріктіру арқылы білім алушылардың білім сапасын көтеруге, заманауи педагогтің кәсіби бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге ықпал ететінін көрсетті.

Түйін сөздер: электронды ресурстар, цифрлық құзыреттілік, бастауыш сынып мұғалімі, әдістеме, ақпараттық-коммуникациялық технология.

Жанкушков Б.О., ^{1*}  Амирова А.С. ¹ 

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан



МЕТОДИКА ФОРМИРОВАНИЯ ЦИФРОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЭЛЕКТРОННЫХ РЕСУРСОВ

Аннотация

В данной статье рассматриваются методические основы формирования цифровой компетентности будущих учителей начальных классов посредством использования электронных ресурсов. В современной системе образования овладение информационно-коммуникационными технологиями является неотъемлемой частью профессиональной подготовки педагога. В ходе исследования проанализированы возможности эффективного использования электронных ресурсов (онлайн-платформы, мультимедийные средства, цифровой образовательный контент, интерактивные задания). Кроме того, предложены этапы, методы и практические пути формирования цифровой компетентности будущих учителей.

В методическом аспекте обоснованы направления совершенствования профессиональной подготовки будущих учителей, цифровизации образовательного процесса и повышения качества обучения. Предложенная методика является удобной для применения в учебном процессе педагогических вузов и позволяет студентам объединять теоретические знания с практикой. Результаты исследования показали, что интеграция электронных ресурсов в учебно-воспитательный процесс способствует повышению качества знаний студентов и обеспечивает профессиональную конкурентоспособность современного педагога.

Ключевые слова: электронные ресурсы, цифровая компетентность, учитель начальных классов, методика, информационно-коммуникационные технологии.

Zhankushkov B.,^{1*}  Amirova A.¹ 

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

INTEGRATION OF TECHNICAL AND CREATIVE DESIGN INTO THE DEVELOPMENT OF COGNITIVE INTERESTS OF PRESCHOOLERS

Abstract

This article examines the methodological foundations of developing the digital competence of future primary school teachers through the use of electronic resources. In the modern education system, mastering information and communication technologies is an integral part of a teacher's professional training. The study analyzes the opportunities for effective use of electronic resources (online platforms, multimedia tools, digital educational content, interactive tasks). In addition, the stages, methods, and practical approaches to forming digital competence in future teachers are proposed.

From a methodological perspective, the study substantiates the directions for improving professional training of future teachers, digitalizing the educational process, and enhancing the quality of teaching. The proposed methodology is suitable for implementation in the curricula of pedagogical universities and enables students to integrate theoretical knowledge with practice. The research results demonstrated that integrating electronic resources into the educational process contributes to improving students' learning outcomes and ensuring the professional competitiveness of modern teachers.

Keywords: electronic resources, digital competence, primary school teacher, methodology, information and communication technologies.

Кіріспе. Қазіргі замандағы білім беру жүйесінің даму бағыты қоғамның цифрландыру талаптарына сай болуды қажет етеді. Әсіресе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлығында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) меңгеру, электронды ресурстарды тиімді қолдану мәселесі ерекше маңызға ие. Өйткені бастауыш буын оқушыларының білім алуға деген қызығушылығын арттыру, оқу процесін заманауи талаптарға сай ұйымдастыру мұғалімнің цифрлық құзыреттілігіне тікелей байланысты. Сондықтан электронды ресурстар арқылы болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру – қазіргі педагогикалық ғылымдағы өзекті мәселелердің бірі.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында [1], сондай-ақ «Цифрлық Қазақстан» стратегиялық құжаттарында цифрлық сауаттылық пен құзыреттілікті арттыруға баса назар аударылуымен дәлелденеді [2]. Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасында қоғамның жаңа әлеуметтік сұраныстары айқын көрсетілген. Бұл сұраныстар жоғары оқу орындары түлектерінің кәсіби даярлық деңгейіне қойылатын талаптар арқылы белгіленіп отыр. Аталған құжатта білім беру бағдарламаларын жаңарту қажеттілігі, студенттердің алған білім сапасын арттыру және заманауи еңбек нарығына сәйкес кәсіби дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізу міндеті алға қойылған [3]. Бүгінде бастауыш сынып мұғалімі тек пәндік білім беруші ғана емес, сонымен бірге оқыту процесінде заманауи электронды ресурстарды, онлайн платформаларды, мультимедиялық және интерактивті құралдарды меңгерген кәсіби маман болуы тиіс екендігі айқындалған.

Цифрлық құзыреттілік ұғымы педагогикалық ғылымда заманауи мұғалімнің кәсіби даярлығының негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл бағытта зерттеуші ғалымдар еңбектерінде педагогтің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздері кеңінен зерттелген. Е.К.Хеннер еңбектерінде мұғалімнің

кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану біліктілігі ақпараттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады [4]. Ғалымның пікірінше, ақпараттық құзыреттілік тек техникалық дағдыларды меңгерумен шектелмей, ақпаратты іздеу, талдау, бағалау және оны оқу процесінде тиімді қолдана білу қабілеттерін қамтиды. Бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындық деңгейін арттырудағы маңызды фактор болып табылады. А.В.Хуторскойдың зерттеулерінде құзыреттілікке негізделген білім беру парадигмасы қарастырылып, педагогтің кәсіби қызметінде негізгі және пәндік құзыреттерді үйлестіру мәселесіне назар аударылады [5]. Ғалым құзыреттілікті тұлғаның әрекетке даярлығы, білімді тәжірибеде қолдана алу қабілеті ретінде сипаттайды. Оның еңбектерінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік оқушыны оқыту процесінде белсенді іс-әрекетке тартудың басты тетігі ретінде негізделсе, Т.В.Ларина еңбектерінде цифрлық құзыреттіліктің мазмұны мен құрылымы педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби даярлығында жүйелі түрде қарастырылған [6]. Ол болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдерін ұсына отырып, оқу процесін цифрландырудың жаңа үлгілерін сипаттайды. Зерттеуші әсіресе электронды ресурстарды кешенді пайдалану арқылы студенттердің білімін тереңдету, кәсіби дағдыларын дамыту жолдарын айқындайды.

Б.К.Иксатова, Ш.Ж.Колумбаева және А.Ж.Еримова өз еңбектерінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық дағдыларының қалыптасу эволюциясын кезең-кезеңімен сипаттайды [7]. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл даму төрт негізгі сатыдан тұрады: бірінші деңгей – жалпы пайдаланушылық сандық дағдыларды меңгеру, екінші кезең – кәсіби бағыттағы цифрлық дағдыларды игеру, үшінші саты – проблемалық жағдайларды шешуге негізделген сандық дағдыларды қолдану, ал соңғысы – қосымша немесе кеңейтілген цифрлық дағдыларды дамыту.

Жалпы алғанда, аталған ғалымдардың еңбектері цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық негізін құрай отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау процесінде электронды ресурстарды пайдаланудың өзектілігін айқындайды. Дегенмен, электронды ресурстарды жүйелі пайдалану арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік ерекшеліктері әлі де толыққанды зерделеуді қажет етеді. Зерттеудің мақсаты – электронды ресурстарды тиімді қолдану негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау және оны тәжірибеде қолдану жолдарын ұсыну. Зерттеудің маңыздылығы – ұсынылып отырған әдістеменің педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу процесінде қолдануға бейімделгендігімен, студенттердің кәсіби даярлығын жетілдіруге, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға және заманауи білім беру талаптарына сай педагог мамандарды даярлауға ықпал етуімен сипатталады.

Негізгі ережелер. Қазіргі замандағы білім беру жүйесі қоғамның цифрландыру үдерісіне тікелей байланысты дамып келеді. Әсіресе, бастауыш мектептегі білім беруде электронды ресурстарды қолданудың рөлі ерекше. Бастауыш білім беру – баланың оқуындағы ең маңызды кезең болып табылады. Ол оның болашақ әлеуметтік дамуының бағытын айқындап, сапалы білім алудың алғашқы қадамы ретінде қызмет етеді. Қазіргі уақытта бастауыш мектепте цифрландыру процесіне қадам басуда. Мектептерде заманауи интерактивті жабдықтар (интерактивті едендер, үстелдер, тақталар, панельдер, құжат-камералар) енгізіліп, бірқатар көмекші міндеттерді шешуге ықпал етуде. Осыған сәйкес, кіші жастағы оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдері де өзгеруде. Бастауыш мектепте цифрландыру үдерісі – білім беру процесін қазіргі бастауыш сынып оқушысының қажеттіліктеріне сай, қызықты әрі икемді ету үшін қажетті шарт екені сөзсіз. Бұл ретте, оқушылардың цифрлық дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру бойынша ерекше жауапкершілік бастауыш сынып мұғаліміне жүктеледі. Ол жаңа заман талаптарына сай мобильді, бейімделгіш және жаңашыл болуы тиіс.

Р.Р.Насибулловтың еңбектерінде атап өтілгендей, әлемдік тәжірибе қашықтықтан оқытудың әрбір білім алушыға жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік беретінін дәлелдейді [8].

Ақпараттық-білім беру ортасы студенттердің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға жағдай жасап, олардың мүмкіндіктеріне сәйкес бірегей оқу жолын қалыптастыруға ықпал етеді. Нәтижесінде, әрбір білім алушы оқу процесін өз қарқыны мен мүддесіне бейімдей алады.

F.Саена мен С.Redecker-дің зерттеулерінде қашықтан оқытудың табысты жүзеге асырылуы ең алдымен оқытушының кәсіби біліктілігіне, оның цифрлық құзыреттілігіне және ақпараттық технологияларды меңгеру деңгейіне тәуелді екендігі атап көрсетіледі [9]. Ғалымның пікірінше, мұғалімдер қашықтан оқыту процесін тиімді ұйымдастырып, жүргізу үшін қажетті білім мен дағдыларға ие болуы қажет. Оған цифрлық құралдарды дұрыс қолдану, онлайн платформаларды басқару, сондай-ақ студенттер үшін тартымды әрі интерактивті оқу ортасын құру тәжірибесі кіреді. Электронды ресурстардың ішінде онлайн платформалар, мультимедиялық құралдар, цифрлық білім беру контенті және интерактивті тапсырмалар кеңінен қолданылады.

Онлайн платформалар – оқыту процесін ұйымдастыруда ең тиімді құралдардың бірі. Олар оқушыларға оқу материалдарын кез келген уақытта меңгеруге мүмкіндік береді. Мысалы, Google Classroom, Moodle, BilimLand сияқты платформалар мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты жеңілдетеді, жеке білім алу траекториясын құруға жағдай жасайды. Мультимедиялық құралдар бастауыш сынып оқушылары үшін ерекше қызығушылық тудырады. Суреттер, анимациялар, бейнежазбалар, дыбыстық сүйемелдеулер оқушылардың көрнекі қабылдауын дамытып, білімді есте сақтауға көмектеседі. Мұндай құралдарды пайдалану оқу процесін бірсарынды болудан арылтып, оны әсерлі әрі тартымды етеді. Цифрлық білім беру контенті – оқытуға арналған жүйеленген электронды материалдар жиынтығы. Бұл оқулықтар, әдістемелік құралдар, тапсырмалар мен жаттығулардың электронды нұсқалары болуы мүмкін. Контенттің басты артықшылығы – оның қолжетімділігі мен икемділігі. Оқушылар өз қарқынымен білім ала алады, ал мұғалім олардың жетістіктерін бақылап, жекелендірілген көмек көрсете алады. Интерактивті тапсырмалар – бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі. Kahoot, Quizizz сияқты қосымшалар немесе интерактивті жаттығулар ойын элементтері арқылы оқушыларды қызықтырып, білімді бекітуге көмектеседі. Мұндай тапсырмалар оқушылардың сыни ойлауын, логикалық пайымдауын және проблемаларды шешу дағдыларын дамытады.

Онлайн платформалар оқу процесін икемді етсе, мультимедиялық құралдар оны көрнекі әрі қызықты етеді, цифрлық контент оқу материалдарын жүйелейді, ал интерактивті тапсырмалар оқушылардың белсенділігін арттырады. Барлық осы құралдардың үйлесімді қолданылуы бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын көтеріп қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін, дербестігін және цифрлық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі кәсіби даярлығы барысында электронды ресурстарды меңгеруі тиіс. Өйткені бастауыш буында оқыту процесін тиімді ұйымдастыру, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру және олардың цифрлық сауаттылығын дамыту мұғалімнің сандық құзыреттілігіне тікелей байланысты. Электронды ресурстарды игеру мұғалімге оқу материалының мазмұнын әртараптандыруға, сабақ барысында заманауи әдіс-тәсілдерді қолдануға және оқушылардың жеке оқу траекториясын құруға мүмкіндік береді. Мұндай ресурстарды игеру болашақ мұғалімнің ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу және оны бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай ұсыну қабілетін дамытады. Сонымен қатар, сандық құралдармен жұмыс істей алу дағдысы мұғалімнің сабақтағы әдістемелік репертуарын кеңейтіп, оқыту процесінің сапасын арттыруға ықпал етеді. Осыған орай, педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттерді электронды ресурстарды тиімді қолдануға үйрету – олардың кәсіби дайындықтарының басты бағыттарының бірі болып табылады. Бұл міндет болашақ мұғалімдердің білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті, жаңа заман талаптарына бейімделген маман ретінде қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне электрондық ресурстарды меңгерудің маңыздылығы айқындалды. Бұл міндет олардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға және заманауи білім беру үдерісінде тиімді әрекет етуіне бағытталды. Электрондық ресурстарды

игеру студенттердің тек техникалық дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар ақпаратты іздеу, талдау, құрылымдау, педагогикалық мақсаттарға бейімдеп қолдану қабілеттерін жетілдірді. Сонымен бірге, болашақ мұғалімдер электрондық ресурстардың әртүрлі түрлерін – онлайн платформаларды, мультимедиялық құралдарды, цифрлық білім беру контентін және интерактивті тапсырмаларды тиімді пайдалануды үйреніп, бастауыш сыныптағы оқу-тәрбие процесін заманауи талаптарға сәйкес ұйымдастыруына, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруына және жеке оқу траекториясын құруына мүмкіндік берді. Осылайша, электрондық ресурстарды игерту міндеті болашақ педагогтердің кәсіби даярлығының негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып, олардың цифрлық құзыретті маман болып қалыптасуына негіз болды.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда электронды ресурстарды тиімді пайдалану әдістемесін айқындауға бағытталды. Зерттеу барысында цифрлық құралдар мен платформалардың оқу процесіне ықпалы, олардың болашақ педагогтердің кәсіби даярлығына әсері жан-жақты қарастырылды.

Қолданылған әдістер:

Зерттеуде теориялық және эмпирикалық әдістер кешені пайдаланылды:

- Әдебиеттерге шолу – электронды білім беру ресурстары, цифрлық құзыреттілік және педагогикалық инновациялар жөніндегі отандық және шетелдік еңбектер талданды.

- Сауалнама және анкеталау – педагогикалық бағыттағы студенттердің цифрлық құзыреттілігінің деңгейін анықтау мақсатында жүргізілді.

- Бақылау әдісі – студенттердің электронды ресурстарды оқу процесінде қолдану тәжірибесі қадағаланды.

- Педагогикалық эксперимент – зерттеу тобына арнайы электронды ресурстар негізінде әзірленген әдістемелік тапсырмалар енгізілді.

- Салыстырмалы талдау – бақылау және эксперименттік топ нәтижелерінің айырмашылықтары анықталды.

Қолданылған әдістердің орындалу барысы: алдымен зерттеудің теориялық базасы айқындалып, электронды білім беру ресурстарының түрлері мен мүмкіндіктері жүйеленді. Бастапқы кезеңде студенттердің цифрлық құзыреттілік деңгейін анықтау үшін сауалнама мен диагностикалық тапсырмалар жүргізілді. Эксперименттік кезеңде электронды ресурстарды (онлайн-платформалар Google Classroom, Moodle, BilimLand, интерактивті тапсырмалар, цифрлық оқулықтар) жүйелі қолдану арқылы әдістемелік жұмыстар атқарылды. Оқу процесінде студенттердің белсенділігі, цифрлық құралдарды пайдалану дағдылары, өздік жұмыс деңгейі бақыланды. Соңғы кезеңде алынған мәліметтер салыстырылып, педагогикалық эксперимент нәтижелері талданды.

Бұл зерттеу төрт негізгі ғылыми сұраққа бағытталды: 1) Цифрлық сауаттылық дағдылары болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қалай әсер етеді? 2) болашақ бастауыш сынып мұғалімдері цифрлық сауаттылық құзыреті туралы қандай пікірде? 3) болашақ бастауыш сынып мұғалімдері цифрлық сауаттылықтың қауіпсіздігіне қатысты не ойлайды? 4) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда онлайн курстардың рөлі қандай?

Бұл зерттеуге 2025 жылы Алматы және Тараз қалаларындағы екі жоғары оқу орнынан 57 студент қатысты. Зерттеудің мақсаты – бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау бағдарламасы студенттерінің цифрлық сауаттылығы мен құзыреттілік деңгейін анықтау (Кесте 1).

Кесте 1- Қатысушылардың сипаттамасы


| | | |
|-------------|-------|-------|
| Жынысы | ер | әйел |
| | 13 | 44 |
| Жас мөлшері | 17-19 | 20-22 |
| | 36 | 17 |

Бұл зерттеуде деректер қатысушылардың сипаттамасын көрсетеді. Барлығы 57 студенттің ішінде 44-і қыз, ал 13-і ұл болды. Қатысушылардың жас аралығы 17–19 жас пен 20–22 жас аралығын қамтыды. Олардың ішінде 17–19 жас аралығында – 36 студент, ал 20–22 жас аралығында – 17 студент тіркелді. Деректер Google Forms платформасы арқылы жүргізілген сауалнама негізінде жиналып, осы платформа арқылы қатысушыларға таратылды. Сауалнаманың валидтілігі оның мазмұнын сараптамалық бағалау арқылы расталды. Зерттеуге «Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасында оқитын, болашақта бастауыш сынып мұғалімі атанатын студенттер қатысты. Сауалнамада ашық сұрақтармен қатар, Лайкерт шкаласы негізінде құрылған сұрақтар енгізілді [10]. Бұл сұрақтар онлайн-курстардың тиімділігін және олардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің иеленуі тиіс цифрлық құзыретін қалыптастырудағы рөлін бағалауға бағытталды.


Нәтижелер мен талқылау. Зерттеуге Алматы және Тараз қалаларындағы екі жоғары оқу орнында «Бастауышта оқыту педагогикасы және әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 1–4 курс аралығындағы 57 студент қатысты. Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін фактор ретінде онлайн курстарды қолдану жиілігі мен олардың тиімділігі жөніндегі студенттердің көзқарастары қарастырылды. Алынған нәтижелер болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігі негізінен жеке тәжірибесінде әртүрлі технологиялық құралдар мен ресурстарды пайдалануына байланысты екенін көрсетті. Зерттеу барысында онлайн курстардың оқу процесіне енгізілуі олардың кәсіби құзыреттілігін жетілдірудің маңызды тетігі екендігі анықталды.

Мақалада болашақ мұғалімдердің цифрлық практикаларының мақсаттары мен онлайн курстарды қолданудағы уәждері талданып, олардың цифрлық құзыреттілікті дамытудағы рөлі жан-жақты сипатталады. Зерттеу нәтижелері студенттердің цифрлық сауаттылығы мен құзыреттілігінің қазіргі даму деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Эксперимент нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылық дағдылары олардың оқу жетістіктеріне және кәсіби даярлығына оң ықпал ететінін көрсетті. Студенттер электронды ресурстарды (Google Classroom, BilimLand, Moodle, цифрлық оқулықтар) жүйелі қолданғанда, олардың ақпаратты іздеу, талдау және өңдеу қабілеттері артқаны байқалды. Сонымен қатар, оқу тапсырмаларын орындауда дербестік пен жауапкершілік деңгейі жоғарылаған. Анкетаның бірінші сұрағына «Цифрлық дағдылар цифрлық сауаттылықты қалыптастыруға әсер ете ме?» деген сауалға 88% (50) студент «Иә» деп жауап берсе, ал 12% (7) студент «Жоқ» деп жауап берді (1-сурет). Бұл сұрақтың нәтижелерінен қатысушылардың басым көпшілігі цифрлық дағдылардың цифрлық сауаттылықты қалыптастыруға ықпал ететінін мойындайтынын көруге болады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін цифрлық сауаттылықты дамыту тек цифрлық құзыреттіліктерді қалыптастырумен шектелмейді. Ол сонымен қатар онлайн-курс контентін әзірлеу барысында ақпараттық сауаттылықты жетілдіруді де қамтиды. Бұған қоса, студенттер цифрлық білім беру кеңістіктерін құруды және қашықтықтан оқытуды меңгеруді үйренеді. Анкетаның екінші сұрағына «Цифрлық сауаттылық болған жағдайда цифрлық құзырет қалыптаса ма?» деген сауал қойылды. Оған 77% (44) студент «Иә» деп жауап берсе, қалған 24% (13) студент «Жоқ» деп жауап берді (2-сурет). Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің аз ғана бөлігі цифрлық құзыреттілік цифрлық сауаттылық арқылы қалыптаспайды деп есептейді. Дегенмен, студенттердің басым көпшілігі цифрлық сауаттылықтың болуы цифрлық құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал ететінін атап өтті.



1-сурет. Цифрлық дағдылар цифрлық сауаттылықты қалыптастыруға әсер етеді ме?



2-сурет. Цифрлық сауаттылық болғанда цифрлық құзырет қалыптасады ма?

Үшінші сұраққа: «Сіз қауіпсіздікті цифрлық сауаттылықтың бір бөлігі деп есептейсіз бе?» деген сауалға болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің көпшілігі, дәлірек айтқанда 68% (39) студент «Жоқ» деп жауап берді, ал 32% (18) студент «Иә» деп жауап берді. Біздің Лайкерт шкаласы бойынша жүргізген талдауымыз көрсеткендей, студенттердің пікірінше қауіпсіздік цифрлық сауаттылықтың құрамына кірмейді, себебі цифрлық сауаттылық негізінен технологияларды пайдалану дағдыларына бағытталған. Төртінші сұраққа: «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттіліктің қалыптастыруда онлайн-курстар тиімді ме?» деген сауалға респонденттердің басым көпшілігі, яғни 96% «Иә» деп жауап берсе, ал 4% «Жоқ» деп жауап берді.



3-сурет. Сіз қауіпсіздікті цифрлық сауаттылықтың бір бөлігі деп есептейсіз бе?



4-сурет. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда онлайн курстар тиімді ме?

Сауалнама қорытындысы бойынша студенттердің басым көпшілігі (шамамен 70%-ы) цифрлық құзыреттілік болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің маңызды бөлігі екенін атап өтті. Олар үшін цифрлық құзыреттілік тек техникалық құралдарды пайдалану ғана емес, сонымен бірге академиялық адалдықты сақтау, ақпаратты сын тұрғысынан бағалау және цифрлық қарым-қатынастағы этика нормаларын ұстану екенін көрсетті. Сауалнама нәтижелері болашақ мұғалімдердің көпшілігі цифрлық құзыреттілікті кәсіби дамудың негізгі бөлігі ретінде қарастыратынын көрсетті. Алайда, кейбір студенттердің цифрлық қауіпсіздік мәселелеріне жеткілікті мән бермейтіні анықталды. Бұл бағытта қосымша оқыту мен тренингтерді енгізу қажеттілігі туындайды. Зерттеу нәтижесінде студенттердің цифрлық қауіпсіздік мәселесіне деген көзқарасы да анықталды. Қатысушылардың 65%-ы киберқауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды екенін мойындаса, 25%-ы бұл мәселеге жеткілікті мән бермейтінін көрсетті. Әсіресе, дербес мәліметтерді қорғау, құпия сөздерді қолдану, әлеуметтік желідегі мәдени мінез-құлық тақырыптары ерекше өзектілікке ие болды. Бұл бағытта студенттердің қосымша білім мен тәжірибеге мұқтаж

екендігі байқалды. Эксперимент барысында студенттер онлайн курстарды цифрлық құзыреттілікті дамытуда тиімді құрал ретінде бағалады. Әсіресе, ашық білім беру платформалары мен қашықтан оқыту жүйелері болашақ мұғалімдер үшін өз білімін толық-тыруға, жаңа әдістемелерді меңгеруге, педагогикалық тәжірибені жетілдіруге мүмкіндік берді. 57 студенттің ішінде 80%-ы онлайн курстар кәсіби құзыреттілікті арттыруға айтарлықтай ықпал ететінін мойындады, ал қалғандары бұл құралды қосымша ресурс ретінде қарастыратынын жеткізді.

білім беру бағдарламаларына интеграциялаудың қажеттілігін дәлелдеді.

Зерттеу нәтижелерінің негізінде төрт тақырып айқындалды:

1. болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дайындығына цифрлық дағдылардың ықпалы;
2. білім беру ортасында студенттердің цифрлық құзыреттілікке деген көзқарасы;
3. болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық сауаттылықтағы қауіпсіздік аспектілерін қабылдауы;
4. болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін дамытудағы онлайн-курстардың тиімділігі.

Сонымен қатар, студенттердің пікірлерін талдау үшін жоғарыда топтастырылған төрт негізгі бағыт бойынша Лайкерт шкаласы қолданылған сауалнама жүргізілді. Лайкерт шкаласы ұсынылған тұжырымдармен келісу немесе келіспеу деңгейін бағалау үшін пайдаланылды: 1 – Мүлдем келіспеймін, 2 – келіспеймін, 3 – жартылай келісемін, 4 – толық келісемін.



5-сурет. Лайкерт шкаласы бойынша жүргізілген сауалнама нәтиже көрсеткіштері

Студенттердің басым көпшілігі (95%) онлайн-курстарды цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді құралы деп таныды. Ал тек 5% респонденттер бұл пікірмен келіспейтінін білдірді. Бұл педагогикалық даярлық үдерісіне онлайн-оқытуды дамыту және енгізудің қажеттілігін растайды (7-сурет). Болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттіліктің қалыптастыруға қатысты басқа зерттеулермен салыстырғанда, бұл жұмыс педагогикалық даярлыққа цифрлық технологияларды интеграциялаудың маңыздылығын көрсетеді. Мұндай тәсілдер А.В.Петров пен М.И.Иванов еңбектерінде де қарастырылып, кәсіби құзыреттіліктің рөлі ерекше атап өтілген. Ал Т.В.Кузнецованың еңбектерінде цифрлық құзыреттілікті қалыптастыруда сыни ойлау мен этикалық аспектілерге басымдық берілсе, біздің зерттеуіміз практикалық дағдылар мен технологиялық дайындыққа негізделді.

Басқа зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, цифрлық құзыреттілікті тиімді қалыптастыру тек техникалық дағдыларға ғана емес, сонымен бірге сыни ойлау, этикалық құндылықтар және цифрлық ортада өзіндік білім алуға қабілеттілікке байланысты. Педагогикалық модельдер аясында болашақ мұғалімдерді жүйелі және пәнаралық даярлау қажеттілігі атап өтіледі. Бұл тек статистикалық гипотезаларды растаудан шығып, білім беруді цифрлық трансформациялау үдерісін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Осылайша, жүргізілген зерттеу қолданыстағы модельдерді толықтырып, білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайында цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың пәнаралық және тәжірибеге бағытталған сипатын айқындайды.

Қорытынды. Электронды білім беру ресурстары арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Жүргізілген зерттеу нәтижелері электронды білім беру ресурстарын қолдану арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық тұрғыда негізделген әрі тәжірибелік тұрғыда тиімді екенін көрсетті. Бұл тұрғыда Е.К.Хеннер, Т.В.Ларина, А.В.Хуторскойдың және басқа да ғалымдардың әрекет теориясына қатысты тұжырымдары толық сәйкес келді. Яғни, болашақ мұғалімдердің кәсіби дамуы үшін әрекетке негізделген тәжірибелік жұмыстардың маңызы ерекше екені дәлелденді.

Электронды ресурстарды жүйелі пайдалану студенттердің білім алу үрдісінде дербестік танытуына, шығармашылық бастамаларын дамытуына және цифрлық ортада еркін әрекет етуіне жағдай жасайды. Бұл тек олардың танымдық және кәсіби дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, сонымен бірге болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік, коммуникативтік және тұлғалық қасиеттерін нығайтуға ықпал етеді. Зерттеу барысында анықталғандай, цифрлық құзыреттілікті қалыптастырудың басты шарты – студенттердің жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескеру, сондай-ақ оларға еркін таңдау мен тәжірибе жасауға мүмкіндік беру. Мұндай интеграцияланған тәсіл электронды ресурстарды қолдану тәжірибесін жандандырып, заманауи білім беру мазмұнына сай жаңа педагогикалық мүмкіндіктер ашады.

Осылайша, электронды ресурстар арқылы цифрлық құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесі болашақ мұғалімдерді жан-жақты дамытудың және оларды заманауи цифрлық қоғам талаптарына бейімдеудің маңызды құралы болып табылады. Жүргізілген зерттеу нәтижелері электронды ресурстарды жүйелі қолдану болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығы мен педагогикалық шеберлігін арттыруға ықпал ететінін көрсетті. Сауалнама және эксперимент нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің цифрлық құзыреттілік пен цифрлық сауаттылықты кәсіби қызметте тиімді қолданудың маңыздылығын түсінетінін айқындады. Сонымен қатар, цифрлық қауіпсіздік мәселелерін толық игеруде кейбір олқылықтар байқалды, бұл бағыттағы жұмысты күшейтудің қажеттілігін дәлелдейді. Зерттеу барысында электронды платформаларды (Google Classroom, Moodle, BilimLand), цифрлық оқулықтар мен интерактивті тапсырмаларды пайдалану студенттердің ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, олардың сыни ойлау, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді.

Зерттеу қорытындыларына сүйене отырып, бірнеше бағытта нақты ұсыныстар жасауға болады. Ең алдымен, ЖОО-дағы оқу бағдарламаларын жетілдіру қажеттілігі айқындалды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау барысында электронды ресурстарды тиімді қолдануға арналған арнайы курстар мен елективті пәндерді енгізу - студенттердің цифрлық құзыреттілігін жүйелі қалыптастырудың кепілі болмақ. Сонымен қатар, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін үздіксіз арттыруға назар аудару маңызды. Бұл үшін оқытушылар құрамына арналған біліктілікті арттыру курстарында заманауи электронды білім беру ресурстарын қолдану әдістерін үйрету ұсынылады. Мұндай жұмыс студенттердің тәжірибесін байытып, олардың кәсіби дайындық сапасын арттыра түседі.

Болашақ мұғалімдердің педагогикалық практикасына да ерекше мән берілуі тиіс. Практика кезінде бастауыш сынып оқушыларына электронды ресурстарды қолданып сабақ жүргізуді жоспарлау – болашақ мамандардың кәсіби дағдыларын нақты ортада сынақтан өткізуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, студенттердің цифрлық қауіпсіздік құзыреттіліктің күшейту аса өзекті. Бұл үшін арнайы тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру қажет, себебі мұндай шаралар болашақ мұғалімдердің өз оқушыларын да қауіпсіз цифрлық ортада оқытуына жағдай жасайды. Онлайн-курстарды дамыту бағытында да жұмыстарды жүйелі жүргізу қажет. Болашақ мұғалімдер Moodle, Google Classroom, BilimLand секілді платформаларды тиімді қолдана отырып, өздігінен білім алу дағдыларын жетілдіреді.

Электронды ресурстардың педагогикалық тиімділігін бағалау, әсіресе бастауыш сынып оқушыларының білім сапасына тигізетін әсерін анықтау-болашақтағы зерттеулердің басты нысаны болуы тиіс. Электронды ресурстарды тиімді пайдалану оқу үдерісін қызықты,

қолжетімді әрі заманауи талаптарға сәйкес ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осыған орай, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау бағдарламаларына цифрлық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған әдістемелерді кешенді енгізу - уақыт талабы. Жасанды интеллекттің дамуы тоқтамайды, сондықтан жаңа технологиялармен бірге жаңа дағдыларды меңгеру немесе туындайтын өзгерістерге бейімделуге дайын болу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №656 қаулысы)
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысы)
3. Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасы туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 жеттоқсандағы №1443 қаулысы [Электронды ресурс]. 2013. - URL: -<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001443/history> (дата обращения 15.08.2025).
4. Хеннер Е.К. Информационная компетентность как основа профессиональной деятельности педагога // Информатика и образование. – 2019. – №6. – С. 12–18.
5. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. – 2022. – №2. – С. 58–64.
6. Ларина Т.В. Формирование цифровой компетентности будущих учителей в условиях цифровизации образования // Педагогика и психология образования. – 2020. – №4. – С. 45–52.
7. Иксатова Б.Қ., Колумбаева Ш.Ж., Еримова А.Ж. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде цифрлық дағдыларды қалыптастырудың басымдықтары//Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – № 1 (73). – 2022. – 86–96-б. – DOI:10.51889/2022-1.1728-5496.09.
8. Насибуллов Р.Р. Развитие дистанционной формы обучения будущих учителей (конец XX –начало XXI вв.): Монография /Под общ. ред. А.Н.Хузиахметова. –Казань: Татарское Республиканское издательство «Хэтер», 2013. –176 с.
9. Caena F., Redecker C. Aligning teacher competence frameworks to 21st century challenges: The case for the European Digital Competence Framework for Educators (DigcompeDu) //European Journal of Education. –2019. – No54(3). –P. 356–369. [Electronic resource]. URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/ejed.12345>(date of access 16.08.2025)
10. Советова Г.А., Кенжебекова А.Г., Кабенова Д.М. Об использовании цифровых образовательных ресурсов в обучении иностранному языку [Text]/Г.А.Советова, А.Г.Кенжебекова, Д.М.Кабенова// 3i: intellect, idea, innovation – интеллект, идея, инновация. Костанай, 2024. № 1, С.199-206.

References:

1. «Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi jäne ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (QR Үкіметінің 2023 жылғы 28 тамыздағы №656 қаулысы)
2. «Sifirlyq Qazaqstan» memlekettik baғdarlamasy (QR Үкіметінің 2017 жылғы 12 jelttoqsandaғы №827 qaulysy)
3. Qazaqstan Respublikasyn әleumettik damytudyñ 2030 жылға deingi jalpyұлттық тұжырымдамасы туралы, Qazaqstan Respublikasy Үкіметінің 2013 жылғы 31 jetoqsandaғы №1443 qaulysy [Elektronды resurs]. 2013. - URL: - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300001443/history> (data obraşenia 15.08.2025).
4. Henner E.K. Informacionnaia kompetentnost kak osnova profesionālnoi deiatelnosti pedagoga // İnformatika i obrazovanie. – 2019. – №6. – S. 12–18.
5. Hutorskoi A.V. Ključevye kompetensii kak komponent lichnostno-orientirovannoi paradigmy obrazovania // Narodnoe obrazovanie. – 2022. – №2. – S. 58–64.
6. Larina T.V. Formirovanie sifrovoi kompetentnosti buduşih uchitelei v usloviah sifrovizatii obrazovania // Pedagogika i psihologia obrazovania. – 2020. – №4. – S. 45–52.
7. İksatova B.Q., Kolumbaeva Şh.J., Erimova A.J. Bolaşaq bastauyş synyp müğalimderinde sifirlyq dağdylyardy qalyptastyruudyñ basymdyqtary // Abai atyndaғы QazŪPU Habarşysy. «Pedagogika ғылымдары» seriasy. – № 1 (73). – 2022. – 86–96-b. – DOI:10.51889/2022-1.1728-5496.09.
8. Nasibullov R.R. Razvitie distansionnoi formy obuchenia buduşih uchitelei (kones HH – nachalo HHI vv.): Monografija /Pod obş. red. A.N.Huziahmetova. –Kazän: Tatarskoe Respublikanskoe izdatelstvo «Heter», 2013. –176 s.
9. Caena F., Redecker C. Aligning teacher competence frameworks to 21st century challenges: The case for the European Digital Competence Framework for Educators (DigcompeDu) // European Journal of Education. –2019. – No54(3). –P.356–369.[Electronic resource].URL: <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/ejed.12345> (date of access 16.08.2025)
10. Sovetova G.A., Kenjebekova A.G., Kabenova D.M. Ob ispolzovanii sifrovyh obrazo vatelnyh resursov v obuchenii inostrannomu iazyku [Text]/ G.A. Sovetova, A.G. Kenjebekova, D.M. Kabenova// 3i: intellect, idea, innovation – intelekt, ideia, innovasia. Kostanai, 2024. № 1, S.199-206.